



Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 773 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 ақпандағы
№ 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 4-6/955 бұйрығын қараңыз.

«Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 6-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	9 маусымдағы
№ 773	қаулысымен
бекітілген	

Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мақта саласын дамыту туралы» Қазақстан Республикасының 2007

жылғы 21 шілдедегі Заңының 6-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу тәртібін реттейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мақта иесі – меншік құқығында шитті мақта және (немесе) мақта талшығы және (немесе) мақта тұқымы бар жеке немесе заңды тұлға;

2) кондициялық масса – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда айқындалған ластану мен ылғалдылықтың бірыңғай нормаларына келтірілген мақтаның салмағы ;

3) мақтаның сандық-сапалық есебі - шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы қайта өңдеу кезіндегі мақтамен жасалатын барлық операцияларды есепке алу және тіркеу жүйесі ;

4) мақта партиясы – мақтаның сапасы туралы деректері бар құжаттармен ресімделген, селекциялық және өнеркәсіптік сорты бір, сапасы бойынша біртекті мақтаның оқшау өлшемі ;

5) нақты салмағы – таразыларда өлшеу жолымен айқындалған мақта массасы;

6) шитті мақтаның есептік салмағы – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда айқындалған ластану нормасына келтірілген шитті мақтаның салмағы ;

7) мақта қабылдау пункті – шитті мақтаны қабылдауға, сақтауға және босатуға арналған мамандандырылған құрылыс.

2. Мақта қабылдау пунктінде мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу

3. Мақтамен жасалатын барлық операцияларды, сандық-сапалық есепті және тиісті құжаттарды ресімдеуді 1 килограмға дейінгі дәлдікпен нақты, есептік салмақта және кондициялық массада мақта тазалау зауыты (мақта қабылдау пункті) жүргізеді .

4. Мақта қабылдауды тиісті әкімшілік аумақтағы мақта қабылдау пункттері және мақта тазалау зауытының жанындағы жұмыс істейтін мақта қабылдау пункті жүзеге асырады .

5. Мақта қабылдау пункті шитті мақтаны қабылдауды мынадай тәртіппен жүзеге асырады :

1) мақта қабылдау пунктінде шитті мақтаны қабылдауды ресімдеу;

2) шитті мақтаның кондициялық массасын айқындау;

3) шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен тиеп жөнелтуді ресімдеу.

6. Мақта қабылдау пунктіне түсетін шитті мақтаны, қабылданатын шитті мақтаның сорты мен сапасын сыртқы түрі бойынша айқындайтын мақта қабылдау пунктінің меңгерушісі сапасы бойынша, мақтаны белгіленген

тәртіппен тексеруден өткен таразыларда өлшенгеннен кейін II-аймақтың тауартанушысы саны бойынша қабылдайды.

7. Өлшеу нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мақта қабылдау пунктінде шитті мақтаны қабылдаудың таразы журналына енгізіледі.

8. Шитті мақтаны қабылдау тауарлық-көліктік жүкқұжаттар негізінде партиялармен жүргізіледі. Күні бойы әрбір тауарлық-көліктік жүкқұжат бойынша қабылданған шитті мақтаның нақты массасын жазу өнеркәсіптік сорттар бойынша бөлек жүргізіледі.

9. Шитті мақтаның сынамаларын іріктеу шитті мақтаны түсіру орындарында оны өлшегенге дейін жүргізіледі.

10. Қабылданған шитті мақтаның сапа көрсеткіштерін айқындауды мақта қабылдау пунктiнiң зертханасы жүргізеді.

11. Шитті мақтаның сынамасын талдау нәтижелерін мақта қабылдау пунктi зертханасының зертханашысы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шитті мақтаны талдау карточкасына және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналына е н г і з е д і .

12. Тауарлық-көліктік жүкқұжаттар мен шитті мақтаны талдау карточкалары негізінде мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтері бір күнде қабылданған селекциялық сорты бір, жинау түрі мен мақсаты (тұқымдық, техникалық) бір шитті мақтаға және соңынан жиналғанға бөлек осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес шитті мақтаны қабылдау туралы квитанцияны үш данада ресімдейді, оның біреуі мақта иесіне беріледі.

Шитті мақтаны қабылдау туралы квитанцияда ластану мен ылғалдылықтың нақты пайызы зертханалық талдау негізінде әрбір өнеркәсіптік сорт бойынша б ө л е к ж а з ы л а д ы .

13. Бір күндік жиынтық деректер қабылданған шитті мақтаның әрбір партиясы бойынша шитті мақтаны қабылдау туралы квитанциялардан күн сайын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның сандық-сапалық есеп кітабына шитті мақтаның кірісіне жазылады.

14. Шитті мақтаның сандық-сапалық есебі кітабында шитті мақтаның есебін мақта қабылдау пунктiнiң меңгерушісі нақты, есептік салмағы және кондициялық массасы бойынша жүргізеді.

15. Күн соңында шитті мақтаны қабылдау туралы квитанцияның екі данасы тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен бірге мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтериясына ластану мен ылғалдылықтың орташа өлшенген көрсеткіштерін е с е п т е у ү ш і н б е р і л е д і .

16. Мұнымен қатар мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтериясына қабылданған партиялар бөлінісінде шитті мақтаны талдау карточкалары беріледі.

17. Шитті мақтаның кондициялық массасын есептеу қабылданған күні айқындалған ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері бойынша жүргізіледі және түпкілікті болып табылады.

Жинақталған партиялардан іріктелген шитті мақтаның сынамалары бойынша қабылдаудан кейін жүргізілген сорт, ылғалдылық және ластану бойынша талдау нәтижелері қабылдау кезінде анықталған шитті мақтаның сапа көрсеткіштері мен қабылдау күні белгіленген шитті мақтаның кондициялық массасын өзгертуге негіз бола алмайды.

3. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктiнен тиеп жөнелтуді ресiмдеу

18. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелту селекциялық және өнеркәсіптік сорттар, жинау түрлері бойынша біртекті партиялармен жүзеге асырылады және тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен (үш данада) ресiмделеді. Мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелтілетін шитті мақта мiндетті түрде өлшеуге жатады.

19. Мақта қабылдау пунктiнің зертханасы тиеп жөнелтілетін шитті мақтаға барлық жағдайларда ластануы мен ылғалдылығына талдау жүргізеді. Жауын-шашын немесе ауа температурасы жоғары болған жағдайда сынамаларды іріктеу партияны жөнелтуге дейін бір сағат бұрын жүргізіледі.

20. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелту кезінде тауарлық-көліктік жүкқұжат бланкінде шитті мақтаның салмағы (брутто, ыдыс, нетто), сорты көрсетілуі және лауазымды тұлғалардың қолдары қойылуы тиіс. Шитті мақтаның тиеп жөнелтілетін партиясының ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері тиеп жөнелтілетін күнгі соңғы тауарлық-көліктік жүкқұжатқа жазылады.

21. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына тиеп жөнелту кезінде мақта қабылдау пунктiнің зертханашысы біріктірілген сынаманы қалыптастырады. Барлық бір күндік партияның деректері күн сайын шитті мақтамен соңғы машинаны жөнелту кезінде соңғы жүкқұжатқа жазылады.

22. Тауарлық-көліктік жүкқұжаттарда сорт көрсеткішін мақта қабылдау пунктi шитті мақтаның сандық-сапалық есебі кітабының деректері бойынша, ал ластану мен ылғалдылық көрсеткіштерін – шитті мақтаның партиясын мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына жөнелтуге дейінгі талдау деректері бойынша көрсетеді.

23. Шитті мақтаның басталған партиясын әкетуді тоқтатуға немесе алдыңғы партияны әкету аяқталғанға дейін басқа партияны тиеуді бастауға жол берілмейді.

24. Мақта тазалау зауыты орналасқан жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктiнен шығарылған шиттi мақтаның әрбiр партиясы бойынша осы Қағидаларға б-қосымшаға сәйкес шиттi мақтаны қабылдау мен мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына жөнелтудi салыстырып тексеру актiсi ж а с а л а д ы .

25. Шиттi мақтаны қабылдау мен мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына жөнелтудi салыстырып тексеру актiсiн мақта қабылдау пунктiнiң меңгерушiсi, II аймақтың тауартанушысы, мақта қабылдау пунктi зертханасының меңгерушiсi мен бухгалтер құрамындағы комиссия осы партияны әкеткеннен кейiн бес жұмыс күнiнен кешiктiрмей жасайды.

26. Шиттi мақтаны мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына қабылдау мен жөнелтудi салыстырып тексеру актiсi шиттi мақтаның сандық-сапалық есебi кiтабының деректерi негiзiнде үш данада жасалады, оның екеуi қарауға және ол бойынша шешiм шығару үшiн әкету аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнiнен кешiктiрмей мақта тазалау зауытына жiберiледi.

27. Мақта қабылдау пунктiнде сақтау кезiнде шиттi мақта бiр партиядан екiншi партияға ауыстыру болған жағдайда, бұл ауыстыру құжатты расталуы және шиттi мақтаның сандық-сапалық есебi кiтабына енгiзiлуi тиiс (бiр партиядан кiрiске алынады, екiншi партиядан шығысқа шығарылады). Шиттi мақтаны қабылдау мен мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына жөнелтудi салыстырып тексеру актiсiнде шиттi мақтаның массасы осы ауыстыруды ескере отырып к ө р с е т i л у i т и i с .

28. Шиттi мақтаны бiр материалды жауапты тұлғадан екiншiсiне өлшеусiз және актiмен ресiмдеусiз беруге жол берiлмейдi.

29. Шиттi мақтаның нақты салмағы, кондициялық массасы есептелiп, өткiзiлген қабылдау нәтижелерiмен мақта қолхаттары ресiмделедi.

4. Шиттi мақтаны мақта тазалау зауытында қабылдау

30. Шиттi мақтаны мақта тазалау зауытында қабылдау:

- 1) шиттi мақтаны мақта тазалау зауытында қабылдауды ресiмдеудi;
- 2) шиттi мақтаны тазалауды ресiмдеудi;
- 3) шиттi мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнiмдерiн тиеп жөнелтудi ресiмдеудi;
- 4) шиттi мақтаны қабылдау мен тиеп жөнелту нәтижелерiн салыстырып тексерудi жүргiзудi;
- 5) түгендеудi қамтиды.

31. Мақта қабылдау пункттерiнен мақта тазалау зауытына түсетiн барлық шиттi мақта қабылдау кезiнде қайта өлшеуге жатады.

32. Егер мақта тазалау зауытында мақта қабылдау пункттерiнен шиттi

мақтаны қабылдау кезінде мақта талшығының төменгі сорттарға ауысуы орын алса, мақта тазалау зауытының басшысы әрбір жағдай бойынша себептерін анықтайды (партияны жинақтау кезінде сапаны жеткіліксіз бақылау, шитті мақтаны б ұ л д і р у) .

33. Мақта қабылдау пункттерінен шитті мақта түсу процесінде мақта тазалау зауытында сорты бір, бірақ мақта талшығының күтулі сорты бойынша бағалауы әртүрлі шитті мақтаны бір партияға жинақтауға жол берілмейді.

34. Мақта тазалау зауытында мақта қабылдау пункттерінен шитті мақтаны қабылдау мынадай параметрлерді ескере отырып жүзеге асырылады:

1) мақта қабылдау пункттерінің деректері бойынша шитті мақтаның сорты;

2) өлшеу жолымен шитті мақтаның нақты массасы;

3) мақта тазалау зауытының зертханасы айқындаған ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері бойынша есептелетін шитті мақтаның есептік салмағы мен к о н д и ц и я л ы қ м а с с а с ы .

Ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері бойынша мақта қабылдау пункті мен мақта тазалау зауыты арасындағы алшақтық стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда айқындалған белгіленген рұқсат шегінен аспаған жағдайларда, кондициялық массаны есептеу үшін мақта қабылдау пунктінде белгіленген ластану мен ылғалдылық көрсеткіштері қолданылады.

35. Мақта тазалау зауыты мен мақта қабылдау пунктінде талдаулар белгіленген рұқсаттан жоғары алшақтық кезінде мақта қабылдау пунктінің өкілі шақырылып, оның қатысуымен қалған сынамаға талдау жүргізіледі. Егер алшақтық жол беретін ауытқулардан жоғары болса, мақта қабылдау пунктінен бір күнде түскен шитті мақтаның кондициялық массасын белгілеу үшін талдаулар нәтижелері түпкілікті болып табылады. Басқа жағдайда есептеулер үшін мақта қабылдау пунктінің талдау көрсеткіштері қабылданады.

36. Мақта қабылдау пунктінен түсетін шитті мақтаның әрбір партиясы бойынша орташа тәуліктік сынама іріктеу жүргізіледі.

Мақта тазалау зауыты зертханасының талдау нәтижелері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналына жазылады. Мақта тазалау зауытының бухгалтериясына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шитті мақтаны талдау к а р т о ч к а с ы б е р і л е д і .

37. Мақта тазалау зауытына түсетін шитті мақта өлшеуден кейін II аймақтың тауартанушысы мен мақта тазалау зауытының бухгалтериясы жүргізетін шитті мақтаның сандық-сапалық есебі кітабына кіріске енгізіледі.

Бір күнде қабылданған және шитті мақтаның жалпы жинақталған партиясы бойынша шитті мақтаның ластану мен ылғалдылықтың орташа өлшемді пайыздары стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда айқындалған шитті

мақтаның ластану мен ылғалдылығының орташа өлшемді көрсеткіштеріне сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

38. Шитті мақта мақта тазалау зауытының теңгерімі бойынша кондициялық массада, ал шитті мақтаның сандық-сапалық кітаптарында – нақты салмағы, есептік салмағы және кондициялық массасы бойынша есептеледі. Шитті мақтаның партиялары бойынша есептің айлық айналымдары мен өтпелі қалдықтар шитті мақтаның сандық-сапалық кітаптары мен айналым ведомостарындағы жазбалардың негізінде салыстыру жолымен шитті мақтаның сандық-сапалық есебі кітаптары бойынша теңгерімдік талдау есебі деректерімен салыстырылады. Айналым ведомостарындағы шитті мақтаның кірісі мақта қабылдау пункттерінің бөлінісінде жазылады.

5. Шитті мақтаны тазалауды ресімдеу

39. Мақта тазалау зауытына жинақталған шитті мақтаның партиялары осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес өндірістік тапсырма негізінде өндіріске есептен шығарылады. Бұл ретте шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің сапа көрсеткіштері шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің сапа көрсеткіштерін тіркеудің зертханалық журналының деректері бойынша к ө р с е т і л е д і .

40. Мақта тазалау зауытында ауысым нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес мақта талшығын бумалап өлшеу, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес өндірістен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнімге рапорт және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өндірістен қабылданған мақта тұқымына рапорт ресімделеді, олар жоспарлау бөліміне беріледі.

41. Мақта талшығын бумалап өлшеу, өндірістен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнімге рапорт және өндірістен қабылданған мақта тұқымына рапорт деректерін дайын өнім тауартанушысы осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес өндіруден түскен қайта өңдеу өнімдерінің есебі журналына енгізеді.

42. Қайта өңделген шитті мақтаны мақта иелері бойынша бөлу осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес қайта өңдеу және дайын өнімнің түсуі туралы есеппен ресімделеді, ол шитті мақтаның партиясын тазалау аяқталғаннан кейін м а қ т а и е с і н е б е р і л е д і .

43. Мақта талшығының, тұқымның шығымын және иістер мөлшерін тексеру үшін мақта тазалау зауытында мақта тазалау зауытының жанындағы мақта қабылдау пункті мен мақта тазалау зауыты тұрған орыннан тыс жерде орналасқан мақта қабылдау пункті бойынша шитті мақтаны бақылаулық іріктеулер жүйелі түрде жүргізіледі.

6. Шитті мақтаның сандық-сапалық есебін тиеп жөнелту кезінде ресімдеу

44. Шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерін тиеп жөнелтуді материалдық жауапты тұлға осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес оны бас бухгалтермен, техникалық бақылау бөлімінің (бұдан әрі – ТББ) басшысымен және дайын өнім тауартанушысымен келісуді ескере отырып, мақта тазалау зауыты басшысының шешімі негізінде жүзеге асырады.

Тиеп жөнелтуге шешім мақта тазалау зауытының есепші жұмыскеріне беріледі, ол тиеп жөнелтуге алынған шешімдердің есебі журналын жүргізеді.

45. Мақта талшығын темір жол көлігімен тиеп жөнелткен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берілген темір жол жүкқұжаттары мен мақта талшығы сапасының паспорты негізінде осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес мақта талшығын темір жол көлігімен тиеп жөнелту тізілімі жасалады.

Тиеп жөнелтілген мақта талшығына темір жол жүкқұжаты мен мақта талшығы сапасының паспорты қоса беріледі.

46. Мақта тұқымын, линтті және талшықты қалдықтарды автомобиль көлігімен тиеп жөнелту тауарлық-көліктік жүкқұжаттармен және сапа туралы құжаттармен ресімделеді, олардың негізінде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес автомобиль көлігімен тиеп жөнелтілген мақта тұқымы, линт және талшықты қалдықтар жүкқұжаттарының тізілімі жасалады.

47. Тиеп жөнелтуге шешім, тауарлық-көліктік жүкқұжаттар, тиеп жөнелту тізілімдері, мақта талшығының сапасы паспорттарының көшірмелері бухгалтерияға беріледі. Осы құжаттар бойынша шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдері шығынға шығарылады.

48. Әрбір мақта иесіне жіберуге жататын мақтаның мөлшері мақта қолхаттарына сәйкес айқындалады.

7. Шитті мақтаны қабылдау мен тиеп жөнелту нәтижелерін салыстырып тексеруді жүргізу тәртібі

49. Мақта қабылдау пункттерінен келіп түскен шитті мақтаны қабылдау мен мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына жөнелтуді салыстырып тексеру актілерін мақта тазалау зауытының басшысы олар мақта тазалау зауытына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күннен кешіктірмей мерзімде қарайды. Әрбір акті бойынша басшы кемдіктерді өтеу және артылғанды кіріске алу туралы жазбаша шешім ресімдейді.

50. Шитті мақтаны мақта қабылдау пунктінен мақта тазалау зауытына

жөнелтуді салыстырып тексеру актінің бірінші данасы мақта тазалау зауытында қалады, актінің екінші данасы мақта тазалау зауыты басшысының шешімімен бірге мақта қабылдау пунктіне жіберіледі және шитті мақтаның кемдіктерін өтеу мен артылғанын кіріске алу үшін негіз болады.

51. Егер салыстырып тексеру кезінде шитті мақтаның артылғаны анықталса, бұл артылғанды мақта қабылдау пунктінің бухгалтериясы шитті мақтаның сақталуда болған және сақталудағы көлеміне пропорционал көлемде мақта иелерінің жеке шоттарына кіріске енгізуі тиіс.

52. Егер салыстырып тексеру кезінде кемдік анықталса, мақта қабылдау пунктінің материалдық жауапты тұлғалары оны шитті мақтаның сақталуда болған және сақталудағы көлеміне пропорционал көлемде мақта иелерінің жеке шоттарына оны өтеуді жүргізеді.

8. Түгендеу

53. Қабылданған шитті мақтаны қабылдаудың, сақтаудың және қайта өңдеудің соңғы нәтижелерін анықтау үшін мақта қабылдау пунктілері мен мақта тазалау зауыты жыл сайын 1 тамызға дейін шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің бар болуын түгендеуді жүргізеді.

54. Түгендеуге:

1) барлық мақта қабылдау пунктілерінің қоймаларындағы және мақта тазалау зауытының дайын өнім қоймаларындағы;

2) «тиеп жөнелтілген тауарлар» шоттарындағы шитті мақта, мақта талшығы, мақта тұқымы, линт және талшықты қалдықтар жатады.

55. Түгендеуді жүргізу үшін:

1) мақта қабылдау пункті бойынша – мақта қабылдау пунктінің меңгерушісі, зертхана меңгерушісі (аға зертханашы), аға бухгалтер;

2) мақта тазалау зауыты бойынша – басшы, бөлім басшылары және бас бухгалтер құрамындағы түгендеу комиссиялары құрылады.

56. Шитті мақтаның, мақта талшығының, мақта тұқымының, линттің және талшықты қалдықтардың бар болуын түгендеу сақтауға жауапты тұлғалардың міндетті түрде қатысуымен және мынадай талаптарды сақтаумен әрбір партия бойынша заттай қалдықтарды натурада алу жолымен жүргізіледі:

1) шитті мақта бойынша мақта қабылдау пунктілерінен әкетілмей немесе мақта тазалау зауытында қайта өңделмей қалған партиялардағы шитті мақтаның нақты болуы 1 тамыздағы жай-күй бойынша өлшеу жолымен белгіленеді;

2) мақта талшығы, линт және талшықты қалдықтар бойынша 1 тамызға партияларда мақта талшығының, линт және талшықты қалдықтардың бар болуы әрбір партияның барлық бумаларының кемінде 10 %-дың іріктеп қайта өлшей

отырып, әрбір партияда өндірістен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнім рапортында көрсетілген бумалар санын тексеру жолымен белгіленеді. Бумалардың дұрыс емес массасы анықталған жағдайда партияның барлық бумалары қайта өлшеуге жатады.

Босатылған мақта талшығының, линттің және талшықты қалдықтардың 1 тамызға нақты болуы алдын-ала сорттаумен және шеті мен шірігін іріктеумен қайта өлшеу жолымен анықталады;

3) мақта тұқымы бойынша техникалық және егістік тұқымның нақты қалдықтары оларды 1 тамыздағы жай-күй бойынша өлшеу жолымен белгіленеді.

57. Шитті мақтаның, мақта талшығының, мақта тұқымының, линттің және талшықты қалдықтардың нақты болуын өлшеу жолымен белгілеген кезде түгендеу комиссиялары әрбір партиядағы шитті мақта мен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің сапасын бір уақытта айқындайды; сорттылығының сәйкессіздігі немесе сақтау кезінде бүлдіру салдарларынан сапасының нашарлауы анықталған кезде шығын мөлшері, себептері және оған жауапты тұлғалар белгіленеді.

58. Мақта қабылдау пункттері қабылдайтын шитті мақта, өндірістен 31 шілдеден кейін түскен оны бастапқы қайта өңдеу өнімдері осы түгендеуге енгізілмейді және бөлек қоймалау мен есептеуге жатады.

59. Түгендеу басталғанға дейін мақта қабылдау пункттерінің және мақта тазалау зауытының бухгалтериясы:

1) шитті мақта, тұқым, линт және талшықты қалдықтар жауапты сақтауында тұрған тұлғалардан 1 тамызға дейінгі барлық кіріс-шығыс құжаттарын алады;

2) осы құжаттарды тексеруді, өңдеуді, таратуды және талдамалық есептің бухгалтерлік карточкалары бойынша да, сандық-сапалық есебі кітаптары бойынша да 1 тамызға қалдықтар шығаруды жүргізеді;

3) сандық қалдықтарды талдамалық есептің бухгалтерлік карточкаларының деректері бойынша және сандық-сапалық есебі кітаптары бойынша салыстырады ;

4) барлық жауапты сақтаушылардан құндылықтардың кірісі мен шығысы жөніндегі барлық құжаттар бухгалтерияға тапсырылғаны, есепте көрсетілгені және оларда кіріске алынбаған немесе шығысқа шығарылмаған ешқандай құндылықтардың жоқ екендігі туралы жазбаша растаулар алады.

60. Түгендеу кезінде:

1) мақта қабылдау пункттерінің барлық тиеп жөнелтулері бойынша мақта тазалау зауытына 1 қаңтардан 1 тамызға дейін түскен шитті мақтаның кіріске алынуы ;

2) түскен, алайда бір себептермен олардан алынуға тиісті басқа шоттарда көрсетілген сомалар «жөнелтілген тауарлар» есебі бойынша жатқызылмағаны;

3) шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімдерін, атап айтқанда, май зауыттарына мақта тұқымын, тиеп жөнелту бойынша сатып алушылармен барлық шағымдық есеп айырысулар мұқият тексеріледі.

Түгендеу деректері қолданыстағы нысандар бойынша: қоймалардағы қалдықтар бойынша және жөнелтілген тауарлар есебі бойынша түгендеу тізімдемелеріне енгізіледі.

61. Түгендеу тізімдемелерінде шитті мақтаның, оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің қоймалардағы қалдықтары әрбір партия бойынша деректерді келтіру әрбір мақта қабылдау пункті және жауапты сақтаушы бойынша жолымен бөлек көрсетіледі.

62. Тиеп жөнелтілген және төленбеген тауарлардың түгендеу тізімдемелерінде әрбір тиеп жөнелту бойынша: сатып алушының, тиеп жөнелтілген тауардың және межелі станцияның атауы, тиеп жөнелтілген күн, теміржол жүкқұжатының нөмірі, шот нөмірі мен берілген күні, шот бойынша саны, сомасы көрсетіледі.

63. Түгендеу тізімдемелеріне түгендеуді жүргізген түгендеу комиссиясының мүшелері қол қояды, олар сондай-ақ түзету түзетілгендеріне қол қояды.

64. Заттай белгіленген шитті мақтаның, оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің қалдықтарын түгендеу комиссиясы түгендеу-салыстыру ведомостарын жасай отырып және әрбір жауапты сақтаушы бойынша және шитті мақтаның, оны бастапқы қайта өңдеу өнімдерінің әрбір партиясы бойынша түгендеу нәтижелерін: кемдіктерді, артылғандарды және сақтау кезінде бүлдіру салдарларынан сапасын жоғалтуды анықтай отырып, есептеу деректері бойынша қалдықтармен салыстырады.

65. Материалдық жауапты тұлғалар салыстыру ведомостарына қол қою кезінде кемдіктер, артылғандар және шығындар себептері туралы жазбаша түсіндірме, ал түгендеу комиссиясы – түгендеу нәтижелері бойынша немесе материалды жауапты тұлғалардың түсіндірмелері бойынша қорытынды берулері тиіс.

66. Мақта тазалау зауытының басшысы үш күндік мерзімде барлық түгендеу-салыстыру ведомостарын, түгендеу комиссиясының қорытындыларын, жауапты сақтаушылардың түсіндірмелерін қарастырады және түгендеу нәтижелері бойынша шешім қабылдайды.

67. Барлық сандық-сапалық есебі журналдары мен кітаптары нөмірленуі, жіппен байлануы және басшының қолымен және мақта өңдеу ұйымының мөрімен бекітілуі тиіс.

9. Сақтауға жататын құжаттар және оларды сақтау мерзімдері

Мақтаның
есебін
2-қосымша

сандық-сапалық
жүргізу

қағидаларына

Шитті мақтаны талдау карточкасы

20__ жылғы «__» _____

Мақтаны қайта өңдеу ұйымы _____

Мақта қабылдау пункті _____

Шитті мақтаның иесі _____

(атауы, орналасқан жері)

Селекциялық сорты _____ Жинау түрі _____

Типі _____ Сорты _____ Көмбе _____ Партия _____

Ластануы _____ % Ылғалдылығы _____%

Штапелдік ұзындығы _____ Жетілу коэффициенті _____

Зертхана менгерушісі _____

Мақтаның

сандық-сапалық

есебін

жүргізу

қағидаларына

3-қосымша

Шитті мақтаның ылғалдылығы мен ластануын талдау нәтижелерін тіркеу журналы

Селекциялық сорт	Сорт	Көмбе	Партия	Шитті мақта иесінің атауы	Ластануы				
					Шитті мақтаның өлшемі		Сорт салмағы		Орташа ластану %-ы
					Сынама	Салмағы, грамм	грамм	%	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Ылғалдылығы							Қолы	
Шитті мақтаның кептіруге өлшемі		мақтаның дейінгі		Сынаманың жалпы салмағы	Айырмашылық	Абсолюттік құрған салмағы, грамм		Ылғалдылығы
Сынама	%							
11	12			13	14	15	16	17

Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына

4-қосымша

Мақтаны қайта өңдеу ұйымы _____

Мақта қабылдау пункті _____

Шитті мақтаның иесі _____ ЖСН/БСН _____

20__ жылғы «__» _____ дейінгі қолданылу мерзімімен

Куәлік (патент) сериясы _____ № _____

Шитті мақтаны қабылдау туралы квитанция

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.12.2013 № 1386 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Селекциялық сорт	Сорт	Көмбе №	Партия №	Жинау түрі	Нақты салмағы	Ластануы, %	Есептік салмағы	Ылғалдылығы, %	Кондициялық салмағы

Шитті мақтаны тапсырдым _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мақта қабылдау пунктінің меңгерушісі _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Зертхана меңгерушісі _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

II аймақтың тауартанушысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мақта қабылдау пунктінің бухгалтері _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына

5-қосымша

Шитті мақтаның сандық-сапалық есебі кітабы

Партия, № _____, көмбе № _____. Селекциялық сорты _____.

Сорты _____, Орташаөлшемді ластануы _____ %.

Орташаөлшемді ылғалдылығы _____ %.

Материалды жауапты тұлға: 2-аймақтың тауартанушысы _____

Кіріс									
Р/с №	Күні	Құжаттың №	Жинау түрі	Сорты	Нақты салмағы	Ластануы, %	Есептік салмағы	Ылғалдылығы, %	Кондициялық салмағы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Шығыс					Қалдық				
Нақты салмағы	Ластануы, %	Есептік салмағы	Ылғалдылығы, %	Кондициялық салмағы	Нақты салмағы	Ластануы, %	Есептік салмағы	Ылғалдылығы, %	Кондициялық салмағы
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Мақтаның сандық - сапалық есебін жүргізу қағидаларына б-қосымша

Шитгі мақтаны қабылдау мен мақта қабылдау пунктiнен мақта тазалау зауытына жөнелтуді салыстырып тексеру акті

Мақта қабылдау пунктінде қабылдау								
Р/с №	Сорты	Жинау түрі	Партия №	Нақты салмағы	Ластануы, %	Есептік салмағы, кг	Ылғалдылығы, %	Кондициялық салмағы, кг
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Мақта қабылдау пунктiнен жөнелту					Мақта тазалау зауытында қабылдау				

Нақты салмағы, кг	Ластануы, кг	Есептік салмағы, кг	Ылғалдылығы, %	кг	Нақты салмағы, кг	Ластануы, кг	Есептік салмағы, кг	Ылғалдылығы, %	Кондициялық салмағы, кг
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

Мақта қабылдау пунктiнiң меңгерушiсi _____
(қолы) (тегi, аты, әкесiнiң аты)

Мақта қабылдау пунктiнiң зертханасының меңгерушiсi _____
(қолы) (тегi, аты, әкесiнiң аты)

Мақта қабылдау пунктiнiң бухгалтерi _____
(қолы) (тегi, аты, әкесiнiң аты)

Мақта қабылдау пунктiнiң 2 аймағының тауартанушысы _____
(қолы) (тегi, аты, әкесiнiң аты)

Мақтаның сандық-сапалық есебiн жүргiзу қағидаларына
7-қосымша

(мақта тазалау зауытының атауы)

№ _____ өндiрiстiк тапсырма

20__ жылғы «__» _____

I-бөлiм. Шиттi мақтаны қайта өндеуге жiберу

1. II аймақтың тауартанушысы _____ сақталудағы, мақта тазалау зауытында жинақтау кезiнде анықталған:

а) саны: нақты массасы бойынша _____ кг, ластанудың есептiк нормасына келтiрiлген массасы бойынша _____ кг, кондициялық массасы бойынша _____ кг;

б) сапасы: селекциялық сорты _____, өндiрiстiк сорты _____, ылғалдылығы _____ %, ластануы _____ %, үлiктенуi _____ %, жинау түрi _____ тұқымдық, техникалық шиттi мақтаның

№ _____ партиясы 20__ жылғы «__» _____ бастап дайындалсын және қайта өндеуге жiберiлсiн.

Шитті мақта мынадай мақта қабылдау пункттерінен:

Мақта қабылдау пунктінің атауы	Кондициялық массасы, кг	Мақта қабылдау пунктінің атауы	Кондициялық массасы, кг

Барлығы _____

2. Шитті мақта ағымда мыналар арқылы өткізілсін:

- а) кептіру-тазалау цехының кептіру тобы _____ кг;
- б) кептіру-тазалау цехының тазалау тобы _____ кг;
- в) мақта тазалау зауытының тазалау цехы _____ кг;
- с) кептірумен _____ кг, кептірусіз _____ кг.

3. Шитті мақтаны кептіру-тазалау цехы арқылы өткізгенде иістер норма кезінде _____ % _____ кг құрады.

4. _____ кг шитті мақтаны қайта өңдеуден мынадай мөлшерде дайын өнім алынуы тиіс:

- а) шығымы _____ % кезінде _____ кг мақта талшығы;
- б) шығымы _____ % кезінде _____ кг линт;
- в) шығымы _____ % кезінде линтерлеуден кейін _____ кг мақта тұқымы;
- г) шығымы _____ % кезінде _____ кг үлік;
- д) шығымы _____ % кезінде _____ кг мамық;
- е) иістер _____.

5. Көрсетілген шитті мақтадан алынатын дайын өнім мынадай сапа көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс:

- а) өндірістік сорты _____, ақаулар сомасы мен ластануы _____ % мақта талшығы;
- б) джинирлеуден кейін тұқымның қалдық талшықтығы _____ г;
- в) сорты _____ типі _____ линт;
- г) линтерлеуден өткен тұқымның толық мамықтығы _____ %;
- д) тұқымның ластануы _____ %-дан артық емес, тұқымның сорты _____.

Өндірістік тапсырманы жасағандар:

Бас инженер _____ (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Техникалық бақылау бөлімінің бастығы _____ (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

I-аймақтың тауартанушысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
Жоспарлау бөлімінің бастығы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
Бас бухгалтер _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
Өндірістік тапсырманы бекітемін:
Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
20__ жылғы «__» _____

Өндірістік тапсырманы орындау

II бөлім. Шитті мақтаны пайдалану

1. Шитті мақтаның ағымда мыналар арқылы нақты өткізілгені:
а) кептіру-тазалау цехының кептіру тобы _____ кг;
б) кептіру-тазалау цехының тазалау тобы _____ кг;
в) мақта тазалау зауытының тазалау цехы _____ кг;
с) кептірумен _____ кг; кептірусіз _____ кг.
Кептіру-тазалау цехы арқылы өткізілген шитті мақтаның иістері
норма бойынша _____% _____ кг.

2. Егістік, техникалық шитті мақтаның №__ партиясы қайт өндеуге
201__ жылғы «__» _____ сағат _____ минутта жіберіліп,
201__ жылғы «__» _____ сағат _____ минутта аяқталды.
Шитті мақтаның нақты салмағы бойынша _____ кг, есептік массасы бойынша
_____ кг, кондициялық массасы бойынша _____ кг.
Қайта өндеуді бастау алдында зертханалық талдау бойынша шитті
мақтада мынадай сапа көрсеткіштері болды: сорты _____, ылғалдылығы
_____% , үліктенуі _____%. Қайта өндеу барлығы _____ сағат
_____ минут; үзіліссіз _____ сағат _____ минут; үзіліспен
_____ сағат _____ минут жалғасты.
Соңынан _____ Бас
инженер _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
I-аймақтың тауартанушысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
Техникалық бақылау бөлімінің бастығы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

3. Шитті мақтаның № _____ партиясын қайта өңдеуден түскен және өлшеулер бойынша қабылданған дайын өнім:

Р/с №	Өнімнің атауы	Жоспарлы нормалар бойынша өнім		Өндірістен түскені					
				Нақты массасы		Кондициялық массасы			
						талдауға алынғаны		қоймаға кіріске алынғаны	
кг	шитті мақтаның массасына %	кг	шитті мақтаның массасына %	кг	шитті мақтаның массасына %	кг	шитті мақтаның массасына %		
	Мақта талшығы								
	Линт								
	Мақта тұқымы								
	Үлік								
	Мақта мамығы								
	Мақта талшығын сұрыптау								
	Иістер								
Жиыны:									

Бас инженер _____
(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

I-аймақтың тауартанушысы _____
(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Жоспарлау бөлімінің бастығы _____
(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

4. Шитті мақтаның көрсетілген мөлшерін қайта өңдеуден сапасы мынадай өнімнің нақты алынды:

а) өндірістік сорты _____, ақаулар сомасы мен ластануы _____ %, ылғалдылығы _____ % мақта талшығы;

б) қалдық талшықтығы _____ г мақта тұқымы;

в) сорты _____ типі _____ ластануы _____ % линт;

г) сорты _____, толық мамықтығы _____ %, ластануы _____ %, ылғалдылығы _____ % мақта тұқымы.

Ескертпе: осы партия бойынша жалпы өнімнен алынғаны:

а) ақаулар сомасы мен ластануы 22 %-дан артық мақта талшығы _____ кг;

б) ластануы 40 %-дан артық мақта тұқымы _____ кг;

в) қалдық талшықтығы нормалардан артық мақта тұқымы _____ кг.
Техникалық бақылау бөлімінің бастығы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

III бөлім. Нақты иістер теңгерімі

(талшық шығымы % x
талшықтағы қоқыс %)

1. Қоқыс шығыны (%) = $\frac{\text{шитті мақтаның ластануы \%} \times \text{-----}}{100}$

(шиттінің ылғалдылығы % - талшықтың
ылғалдылығы %) x талшық шығымы %

2. а) Талшық бойынша = $\frac{\text{-----}}{100}$
ылғал шығыны (%)

(шиттінің ылғалдылығы % -
тұқымның ылғалдылығы %) x талшық шығымы %

б) Тұқым бойынша = $\frac{\text{-----}}{100}$
ылғал шығыны (%)

Ылғал шығынының жиыны (а + б) _____ %.

3. Шитті мақтаны қайта өңдеу кезіндегі нақты салмақтағы шығындар жиыны
салмақпен (1 + 2) _____ %.

4. Есеп жолымен анықталған нақты иістер шамасы мен шығындар сомасы
арасындағы айырма _____ % құрайды.

Бухгалтер-экономист _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бас бухгалтер _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

IV-бөлім. Шитті мақтаның партиясын сақтау, жинақтау және қайта өңдеу нәтижелері бойынша мақта тазалау зауыты басшысының шешімі

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

20 _____ жылғы « _____ » _____

Мақтаның сандық-сапалық
есебін жүргізу қағидаларына

8-қосымша

(мақта тазалау зауытының атауы)

Шитті мақтаның сорты _____ партия № _____ көмбе № _____
№ _____ Бригада № _____ Ауысым _____

№ _____ маркалы мақта талшығын бумалап өлшеу

№	салмағы	№	салмағы	№	салмағы

Бумалар жиыны _____ брутто салмағы _____ ыдыс салмағы _____

н е т т о с а л м а ғ ы _____

Тауартанушы _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Салмақ есебін тексердім _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Бухгалтер _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

20__ жылғы «__» _____

Мақтаның сандық-сапалық

есебін

жүргізу

қағидаларына

9-қосымша

(мақта тазалау зауытының атауы)

Өндірістен қабылданған мақта талшығы мен қосалқы өнімге №

_____ рапорт

Сорты _____ партия № _____ шитті мақтаны тазалау бойынша

1. Мақта талшығы

				Нақты салмағы	Ақаулар сомасы			Қалыпты ластануға	
--	--	--	--	---------------	-------------------	--	--	----------------------	--

Марка нөмірі	Селекциялық сорты	Сорты	Бумалар саны	брутто	ыдыс	нетто	м е н ластануы	Үстеме	Шегерім	келтірілген нақты салмағы	Ылғалдылығы , %	К м
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

Тығыздалмағанның жиыны _____
Тығыздалғанның қалғаны _____
Басқа партиялардың тығыздалған қалдығы алып тасталады _____
Осы партия бойынша жиыны _____

2. Талшықты қалдықтар

Марка нөмірі	Селекциялық сорты	Сорты	Бумалар саны	Нақты салмағы			Ақаулар сомасы м е н ластануы	Үстеме	Шегерім	Қалыпты ластануға келтірілген нақты салмағы	Ылғалдылығы , %	Кс ма
				брутто	ыдыс	нетто						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	1. Линті											
Типі	сорты	сыныбы										
	2. Мақта үлігі											
	I типті											
	II топ											
	3. Мамық қалдықтары											
	I типті											
	II топ											
	4. Басқада қалдықтар											

Дайын өнім тауартанушысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Мақтаның сандық - сапалық есебін жүргізу қағидаларына 12-қосымша

Қайта өңдеу және дайын өнімнің түсуі туралы есеп

Р/с №	Өндірістік тапсырманың № мен күні	Сорт	Партия №	Шитті мақтаның кондициялық массасы, кг	Кептіру-тазалау цехының иістері, %	Кондициялық массада қайта өңдеуге жіберілгені, кг	Алынған қайта өңдеу өнімдері			
							мақта талшығы			
							нетто салмағы		кондициялық массасы	
							%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

тұқым				Линт			
Нетто салмағы		кондициялық массасы		нетто салмағы		кондициялық массасы	
%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %
12	13	14	15	16	17	18	19

кестенің жалғасы

үлік				мамық				Негізгі өндіріс иістері	
нетто салмағы		кондициялық массасы		нетто салмағы		кондициялық массасы		нетто салмағы	
%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %	%	шитті мақтаның салмағына %
20	21	22	23	24	25	26	27	28	29

Мақта иесі

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Бас бухгалтер _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мақтаның сандық-сапалық
есебін жүргізу қағидаларына
13-қосымша

(мақта тазалау зауытының атауы)

20 _____ ЖЫЛҒЫ « _____ » _____

№ _____ бұйрық

Бұйрық мерзімі _____
Материалдық жауапты тұлға _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

(мақта иесінің атауы)

20 _____ жылғы « _____ » _____ № _____ сенімхат
бойынша _____ арқылы № _____ наряд
(тегі, аты, әкесінің аты)

бойынша тиеп жөнелтіңіз:

Өнім түрі	Қойма №	Нетто салмағы, кг	Мақта қолхатына сәйкес сапа көрсеткіштері							
			Мақта қолхатына сәйкес сапа көрсеткіштері	Өнім түрі	Қойма №	Нетто салмағы, кг	микронейр	ылғалдылығы	ластануы	залалдануы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Тиеп жөнелтілетін шитті мақтаны бастапқы қайта өңдеу өнімінің
салмағы _____ кг

(жазбаша) _____

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бухгалтер _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Техникалық бақылау бөлімінің бастығы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Дайын өнімнің тауартанушысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.

Мақтаның сандық-сапалық
есебін жүргізу қағидаларына
14-қосымша

(мақта тазалау зауытының атауы)

20__ жылғы «__» _____

Тиеп жөнелту бұйрығының күні мен нөмірі _____

Масса, кг бұйрық бойынша _____

Мақта талшығын темір жол көлігімен тиеп жөнелту тізілімі

Жіберу станциясы _____ Мақта иесі _____

Р/с №	Жүкқұжат №	Вагон №	Нетто массасы, кг	Кондициялық массасы, кг	Партия №	Мақта талшығы сапасының паспорттарының нөмірлері
1	2	3	4	5	6	7

Техникалық бақылау бөлімінің бастығы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бухгалтер _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Дайын өнімнің тауартанушысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мақтаның сандық-сапалық
есебін жүргізу қағидаларына
15-қосымша

(мақта тазалау зауытының атауы)

20__ жылғы «__» _____

Тиеп жөнелту бұйрығының күні мен нөмірі _____

Бұйрық бойынша масса, кг _____

Автомобиль көлігімен тиеп жөнелтілген мақта тұқымы, линт және талшықты қалдықтар жүкқұжаттарының тізілімі

Жіберу пункті _____ Мақта иесі _____

Р/с №	Жүкқұжат №	Орын саны	Нетто массасы кг	Кондициялық массасы, кг	Ылғалдылығы, %

		Автомобилдің мемлекеттік тіркеулік нөмірлік белгісі					Ластануы, %
1	2	3	4	5	6	7	8

Техникалық бақылау бөлімінің бастығы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бухгалтер _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Дайын өнімнің тауартанушысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)